

Ш.А.Саймова¹ , Е.Б.Молдабеков² ¹ МТҚБ «Парламентаризм институты» ШЖҚ РМК
010001, Астана қ., Қазақстан² Астана халықаралық университеті
010001, Астана қ., Қазақстан*e-mail: erkebulanastana73@gmail.com

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ДЕЛДАЛДЫҚТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ ТУРАЛЫ

Аңдатпа

Мақала халықаралық құқықтағы делдалдық институтын құқықтық реттеуді жетілдірудің проблемалары мен бағыттарын талдауға арналған. Авторлар делдалдық қызметті реттейтін қолданыстағы халықаралық-құқықтық нормаларды талдап, делдалдық институтын тиімді қолдануға кедергі келтіретін реттеу саласындағы бар проблемаларды айқындайды. Мақаланың мақсаты – халықаралық құқықтағы делдалдық институтын құқықтық реттеудің қазіргі жай-күйіне кешенді талдау жасау, оның нормативтік бекітілуі мен практикалық қолданылуындағы негізгі мәселелерді анықтау, сондай-ақ халықаралық қауіпсіздікке төнетін қазіргі заманғы сын-қатерлер мен халықаралық қатынастардың даму үдерістерін ескере отырып, делдалдықтың халықаралық-құқықтық тетіктерін жетілдіру қажеттілігін негіздеу.

Жеке назар халықаралық қатынастардағы делдалдықтың дамуындағы қазіргі заманғы үрдістерге және халықаралық ұйымдар тәжірибесіне аударылады. Жүргізілген талдау негізінде делдалдық жөнінде жаңа әмбебап халықаралық шарт әзірлеу қажеттілігі тұрғысынан құқықтық реттеуді жетілдіру бағыттары ұсынылады. Күтілетін нәтижелер: делдалдықты реттейтін қолданыстағы халықаралық-құқықтық нормалардағы олқылықтар мен қайшылықтарды анықтау; халықаралық практикадағы делдалдық пен медиация институтының дамуындағы қазіргі заманғы үрдістерді жүйелеу; делдалдық жөніндегі әмбебап халықаралық шартты әзірлеудің орындылығын негіздеу; халықаралық ұйымдар шеңберінде медиацияны институционалдандыруға қатысты ұсыныстарды тұжырымдау, соның ішінде халықаралық қақтығыстарды бейбіт жолмен шешудің тиімділігін арттыруға және жаһандық тәуекелдерді, оның ішінде ядролық қатерлерді азайтуға бағытталған мамандандырылған халықаралық медиациялық платформаларды құру.

Мақалада сондай-ақ халықаралық ұйымдар аясында медиацияны институционалдандырудың даму үрдісі талданады және халықаралық қақтығыстарды кешенді түрде шешу, соның ішінде ядролық қатерлерді азайту үшін мамандандырылған халықаралық платформалар (медиациялық хабтар) құру ұсынылады.

Негізгі сөздер: халықаралық құқық, делдалдық, медиация, дау, қақтығыс, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу құралдары

Кіріспе

Делдалдық немесе медиация халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешудің бір құралы ретінде маңызды әрі көпқырлы институт болып табылады. Халықаралық қатынастар тарихы делдалдықтың табысты қолданылған көптеген мысалдарын біледі, бұл оның дипломатиялық практикадағы тұрақты маңызын көрсетеді. Мәселен, 1918–2001 жылдар аралығындағы 434 халықаралық дағдарыстың 128-інде делдал қызметіне жүгінілген. Бұл көрсеткіш шамамен 30% болғанымен, солардың 46%-ы дәл делдалдықтың арқасында табысты түрде шешілген [1].

2000-жылдардың ортасынан бастап делдалдық халықаралық қақтығыстарды бейбіт жолмен реттеудің негізгі құралдарының біріне айнала бастады. 2006 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылымында делдалдық қызметті институционалдық тұрғыдан қолдауды қамтамасыз ететін Mediation Support Unit құрылды. Кейінгі жылдары халықаралық делдалдық практикасының біртіндеп кеңейгені байқалады, бұл жедел делдалдық миссияларының санына қатысты статистикалық деректермен расталады.


БҰҰ жүйесінің қолжетімді деректеріне сәйкес, делдалдық миссияларының динамикасы тұрақты өсімді көрсетеді:

2020 ж. — шамамен 45 жедел делдалдық миссия;

2021 ж. — шамамен 52 миссия;

- 2022 ж. — шамамен 60 миссия;
- 2023 ж. — шамамен 65 миссия;
- 2024 ж. — шамамен 142 делдалдық және сарапшылық миссия;
- 2025 ж. — 160-тан астам миссия (алдын ала бағалау) [2].

Аталған динамика қақтығыстардың алдын алу және оларды реттеу жөніндегі халықаралық тетіктерде делдалдықтың рөлі едәуір артқанын көрсетеді. Сонымен қатар халықаралық инвестициялық құқық жүйесінде Халықаралық инвестициялық дауларды реттеу орталығы (ICSID) шеңберінде татуластыру (conciliation) рәсімдері қолданылуын жалғастыруда. Бұл рәсімдер арбитражбен қатар дауларды шешудің баламалы тетігі ретінде қызмет етеді.



Сурет 1 - All ICSID Cases Registered by Applicable Rules диаграммасы
Ескерту: ICSID Caseload Statistics (Issue 2025-1) [3]

2024 жылдың нәтижесі бойынша, ICSID статистикасына сәйкес, тіркелген істердің басым бөлігі ICSID Конвенциясы бойынша арбитраждық істерден тұрады. **Атап айтқанда:**

- ICSID Convention Arbitration Cases – 927 ic (90,7%)
- ICSID Additional Facility Arbitration Cases – 81 ic (7,9%)
- ICSID Convention Conciliation Cases – 12 ic (1,2%)
- ICSID Additional Facility Conciliation Cases – 2 ic (0,2%)

Осылайша, статистика ICSID жүйесінде дауларды шешудің негізгі тетігі арбитраж екенін көрсетеді, ал татуластыру (conciliation) рәсімдері салыстырмалы түрде сирек қолданылатын баламалы механизм болып табылады.

Осылайша, статистикалық көрсеткіштер мен халықаралық тетіктердің институционалдық дамуы делдалдық пен татуластыру рәсімдерінің халықаралық дауларды бейбіт жолмен реттеудің тиімді құралдары ретіндегі маңызының артып келе жатқанын дәлелдейді.

Кестеде делдалдық жетістіктердің кеңінен хронологиялық сипаты берілген. Себебі қазіргі уақытта делдалдық халықаралық қатынастарда барған сайын маңызды рөл атқаруда, өйткені олар едәуір қақтығыстылық деңгейімен сипатталады. Жекелеген қақтығыстар ұзаққа созылған дағдарыстарға ұласып, халықаралық тұрақтылық пен қауіпсіздікті әлсіретеді, ал дауларды шешудің дәстүрлі тетіктері, соның ішінде дипломатиялық құралдар, әрдайым тиімді бола бермейді. Осындай жағдайда делдалдық неғұрлым икемді әрі шығыны аз реттеу тетігі ретінде көрініп, тараптар арасындағы сенімді қалпына келтіруге, диалог арналарының ашылуына, қақтығыстарды реттеу жөніндегі шешімдерді әзірлеуге және т.б. ықпал етеді. Сонымен қатар, делдалдықтың тиімділігі оның өзге шаралармен және институттармен, мысалы, бейбітшілікті орнықтыру шараларымен ұштастырылу мүмкіндігі арқылы да арта түседі.

Кесте 1 - Делдалдық жетістіктердің сипаттамалары

р/н	Жылдар	Жетістік сипаттамалары
1	2005	Біріккен Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік саммитінде қақтығыстардың алдын алу және делдалдық құралдарын күшейту қажеттілігі ерекше атап өтілді. Бұл шешім БҰҰ жүйесінде медиация тетіктерінің институционалдық дамуына негіз болды.
2	2006	БҰҰ-ның Саяси және бейбітшілікті нығайту істері департаменті жанынан Mediation Support Unit (MSU) құрылды. Бұл құрылым халықаралық қақтығыстарда делдалдықты қолдаудың орталық үйлестіруші органы болып табылады.
3	2005–2015	Осы кезеңде халықаралық ұйымдарда делдалдық институты қалыптасып, инвестициялық дауларда татуластыру рәсімдерін қолдану кеңейе бастады. International Centre for Settlement of Investment Disputes (ICSID) қызметі шеңберінде conciliation (татуластыру) рәсімі ICSID Конвенциясында бекітіліп, инвестициялық дауларды реттеудің баламалы механизмі ретінде арбитражбен қатар қолданылады.
4	2010–2019	Инвестициялық дауларды реттеу тәжірибесі кеңейе түсті. ICSID деректеріне сәйкес, даулардың басым бөлігі арбитраж арқылы шешіледі, алайда татуластыру рәсімдері де, саны жағынан аз болғанымен, қолданылып келеді. 2010-жылдардың соңына қарай, татуластыру рәсімдерін қоса алғанда, 900-ден астам іс тіркелген.
Ескерту: автормен құрастырылған		

Сонымен бірге, халықаралық практикада медиацияның айқын артықшылықтары мен оған деген сұраныстың өсуіне қарамастан, оның тиісті халықаралық-құқықтық реттелуі әлі де жеткілікті деңгейде дамымаған. БҰҰ Жарғысы (атап айтқанда, 33-бап) делдалдықты дауларды бейбіт жолмен шешу құралдарының бірі ретінде тікелей атап өтсе де, бұл институтты жан-жақты әрі егжей-тегжейлі реттейтін әмбебап халықаралық-құқықтық жүйе халықаралық құқықта әзірге жоқ. Атап айтқанда, бірыңғай әмбебап құқықтық қағидаттар, рәсімдер, делдалдар мен тараптардың құқықтары мен міндеттері, қол жеткізілген келісімдерді орындау кепілдіктері және т.б. белгіленбеген.

Осылайша, халықаралық аренада делдалдық институтын қазіргі заман талаптарына сай құқықтық реттеудің объективті қажеттілігі туындап отыр. Мұнда тек қалыптасқан практиканы жүйелеу ғана емес, сонымен қатар халықаралық-құқықтық реттеудің тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу, яғни толыққанды құқықтық тетіктерді қамтитын жүйе құру мәселесі де қойылады. Мұндай шаралар халықаралық делдалдықтың тиімділігін арттырып, қақтығыстарды шешу үдерісінің болжамдылығы мен нәтижелілігін күшейтуге, сондай-ақ мемлекеттер мен халықаралық қауымдастықтың халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешудің осы маңызды құралына деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Арнайы құқықтық әдістерге халықаралық шарттардың, халықаралық ұйымдар резолюцияларының және делдалдық пен медиацияны реттейтін өзге де нормативтік актілердің мазмұны мен құрылымын талдау үшін қолданылған формальды-құқықтық әдіс, сондай-ақ делдалдық қызметті реттеудегі әртүрлі халықаралық-құқықтық тәсілдерді салыстыру үшін пайдаланылған салыстырмалы-құқықтық әдіс жатады. Жүйелік әдіс делдалдықты дауларды бейбіт жолмен реттеудің өзге тетіктерімен өзара байланыста әрекет ететін халықаралық құқықтың дербес институты ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеудің эмпирикалық базасын халықаралық шарттар, Біріккен Ұлттар Ұйымының және өңірлік халықаралық ұйымдардың актілері, халықаралық практиканың материалдары, мамандандырылған халықаралық құрылымдардың баяндамалары мен ұсынымдары, сондай-ақ халықаралық құқық пен халықаралық қатынастар саласындағы отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектері құрайды. Аталған әдістерді қолдану делдалдықты құқықтық реттеу проблемаларын кешенді әрі жан-жақты талдауды қамтамасыз етіп, оны жетілдіруге қатысты ұсыныстар тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және оларды талқылау

Қазіргі уақытта делдалдық (медиация) – халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешудің құралдарының бірі. Ол үшінші тараптың екі немесе одан да көп тарапқа олардың

келісімімен қақтығыстың алдын алуға, оны реттеуге немесе шешуге көмектесетін, өзара қабылданатын келісімдерді әзірлеуге жәрдемдесетін үдерісті білдіреді. Медиацияның негізгі идеясы – тиісті жағдай жасалғанда қақтығыс тараптары өзара қатынастарын жақсартып, ынтымақтастыққа көше алады. Медиация нәтижелері шектеулі болуы мүмкін, яғни қақтығысты тежеу немесе басқару үшін нақты бір мәселені қамтуы ықтимал, не болмаса жан-жақты бейбіт келісім шеңберінде мәселелердің кең ауқымын қамтуы мүмкін [4].

Халықаралық құқықтағы делдалдықтың халықаралық-құқықтық негізі ретінде дәстүрлі түрде 1907 жылғы 18 қазандағы Халықаралық қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу туралы Гаага конвенциясы (бұдан әрі – Гаага конвенциясы) қарастырылады [5]. Дәл осы құжатта алғаш рет делдалдық өзге халықаралық қатынастар субъектілері арасындағы қақтығыстарды реттеуге үшінші мемлекеттердің ерікті түрде жәрдемдесу нысаны ретінде тұжырымдалды. Делдалдыққа қатысты нормалар (Гаага конвенциясының 2–8-баптары) икемділікті, мүдделер теңгерімін және халықаралық тұрақтылықты сақтай отырып, қарулы қақтығыстардың алдын алу және оларды бәсеңдету мақсатында делдалдықты бейбіт құрал ретінде бекітуге бағытталған елеулі талпыныстарды көрсетеді. Алайда бұл халықаралық шарт делдалдықтың толыққанды құқықтық негізін құруға емес, тек оны қолданудың жалпы қағидаларын белгілеумен шектелген.

Атап айтқанда, Гаага конвенциясының 2-бабында елеулі келіспеушіліктер немесе қақтығыстар туындаған кезде күш қолдануға дейін, жағдай мүмкіндік берген шамада, достас мемлекеттердің делдалдығына жүгіну қажеттігі танылады. Бұл делдалдықтың жанжалды ушықтырмау, эскалацияны тежеуге бағытталған превентивтік, алдын алу сипатын айқындайды. Гаага конвенциясының 3-бабында сондай-ақ қақтығысқа қатысы жоқ державалардың өз бастамасымен дауласып отырған тараптарға, тіпті әскери әрекеттер кезеңінде де, делдалдық ұсыну құқығы бекітіледі. Бұл жерде делдал тек келіссөздерге жәрдемдесетін бейтарап тарап қана емес, сонымен бірге қақтығыстың эмоциялық құрамдасына ықпал ететін деэскалация факторы ретінде көрінеді. Дегенмен, Конвенция нормаларында делдалдың мәртебесі саяси қысымнан, біржақтылық айыптарынан қорғалмайды, сондай-ақ оның қол сұғылмаушылығы немесе иммунитеттері сияқты кепілдіктер көзделмеген және т.б.

Делдалдыққа қатысудың еріктілігі Гаага конвенциясының 5-бабында, делдалдықтың тоқтатылу негіздері бекітілетін тұста айқындалады. Сонымен бірге, делдал тек ұсыныстар береді және олар түсіндірмесіз еленбеуі мүмкін; сондай-ақ делдал өз миссиясын кез келген сәтте тоқтатуға құқылы. Мұндай ереже делдалдың қатысуын тұрақсыз әрі болжаусыз етеді. Гаага конвенциясының 6-бабында делдалдықтың тек консультативтік мәні бар екені және қақтығыс қатысушылары үшін міндеттеме туындатпайтыны көрсетіледі. Бұл норма тараптардың егемендігін және шешімді өз бетінше қабылдау құқығын қорғағанымен, осы жерде қақтығысушы тараптардың делдалды кемінде «тыңдауға» міндеттілігі тәрізді талапты бекіту орынды болар еді.

Сонымен қатар, Гаага конвенциясына сәйкес делдалдықты қабылдаудың өзі тараптар арнайы келіспеген жағдайда мобилизацияны немесе әскери дайындықты тоқтатуға әкеп соқпайды (7-бап). Ал 8-бапта қақтығыс бейбітшілікке қатер төндірген жағдайларда делдалдықты қолдану ұсынылады. Тараптар әрқайсысы бір мемлекет-делдалды таңдайды, ал делдалдар өзара тікелей келіссөздер жүргізеді.

Жалпы алғанда, Гаага конвенциясының прогрессивті әрі оң рөлін жоққа шығармай, қазіргі жағдайдағы делдалдыққа елеулі әсер ететін бірқатар проблемалық қырларын атап өткен жөн. Негізгі мәселелердің бірі – мәтінде делдалдық функцияны бүгінгі реалияда белсенді атқарып отырған халықаралық ұйымдардың рөлі мүлде аталмайды. Тұжырымдамалық тұрғыдан бұл аталған Конвенция нормаларын қазіргі халықаралық құқық жүйесі контекстінде ескірген етеді.

Одан әрі, Гаага конвенциясында делдалдық бір реттік дипломатиялық бастама ретінде ғана қарастырылады. Нормалар делдалдық үдерістерін қолдау, мониторинг, талдау немесе тиімділігін бақылауға жауапты тұрақты органды не халықаралық құрылымды құруды

көздемейді. Бұл делдалдықты рәсімдік тұрақтылығы жоқ, кездейсоқ саяси шешімдер аясына қалдырады. Сондай-ақ, делдалдық күш-жігері аясында қабылданған шешімдерді имплементациялау рәсімі де реттелмеген. Яғни, ымыралы уағдаластықтар немесе ұсынымдар әзірлеу мүмкіндігі болғанымен, оларды міндетті орындауды қамтамасыз ететін құқықтық және ұйымдастырушылық шаралар, іске асыруды бақылау тетіктері және қол жеткізілген келісімдерді орындамағаны үшін тараптардың жауаптылығы белгіленбеген. Нәтижесінде делдалдықтың тиімділігі айтарлықтай төмендеп, қабылданған шешімдер декларация деңгейінде қалып қоюы мүмкін.

Халықаралық практикадағы делдалдық мысалдары оның халықаралық қақтығыстарды бейбіт жолмен шешудің маңызды құралы екенін растайды. Мәселен, Норвегияның Израиль мен Палестинаны азат ету ұйымы арасындағы делдалдыққа қатысуы 1993 жылы Осло келісімдерінің жасалуына алып келді [6]. Сондай-ақ КСРО-ның Үндістан–Пәкістан қақтығысын реттеуде делдал болуы нәтижесінде 1966 жылғы Ташкент декларациясы қабылданды [7]. Бұған ұқсас түрде Норвегия мен Кубаның, БҰҰ мен халықаралық ҰЕҰ-дардың белсенді қолдауымен, Колумбиядағы үкімет пен Колумбияның Революциялық Қарулы Күштері (FARC) арасындағы қақтығысты реттеудегі делдалдығы 2016 жылы келісім жасалуымен аяқталды [8]. Қазақстанның делдалдық қызметіне мысал ретінде оның 1991–1992 жылдары Әзербайжан мен Армения арасындағы Қарабақ қақтығысында Ресеймен бірлесіп делдал ретінде қатысуын келтіруге болады [9].

Қазіргі халықаралық құқықта делдалдықты қолданудың құқықтық негізі ретінде БҰҰ Жарғысының 33-бабы қарастырылады [10], онда делдалдық дауларды бейбіт реттеудің бір нысаны ретінде аталады. Алайда БҰҰ Жарғысында делдалдық ұғымы да, делдалдық қызметті реттеу де қамтылмаған. Сонымен бірге, 2011 жылғы шілдеде БҰҰ Бас Ассамблеясы № 65/283 «Дауларды бейбіт жолмен реттеуде, қақтығыстардың алдын алу мен оларды шешуде делдалдық рөлін күшейту туралы» қарарында делдалдықтың қақтығыстардың алдын алу және оларды бейбіт жолмен шешудің негізгі құралдарының бірі ретіндегі маңызы артып келе жатқанын атап өтіп, халықаралық практикада оны кеңінен қолдану қажеттігін көрсетті. Аталған қарарда мүше мемлекеттерге, БҰҰ жүйесінің органдары мен құрылымдарына, сондай-ақ өңірлік ұйымдарға делдалдық үдерістерін қолдауға арналған институционалдық және кадрлық базаны күшейтуге, оның ішінде мамандандырылған бөлімшелерді құру мен дамытуға, білікті сарапшыларды даярлауға, дерекқорлар мен ресурстар қалыптастыруға, оқыту жүргізуге және т.б. шақыру бар [11].

Делдалдықтың рөлі өсе түскенін ескере отырып, БҰҰ аясында оны қолдауға арналған арнайы құрылымдар құрылды. 2006 жылы БҰҰ Бас хатшысы Саяси істер департаменті жанынан делдалдықты қолдау бойынша арнайы бөлім құрды, ал 2008 жылы БҰҰ-ға делдалдық саласында үш күн ішінде көмек көрсету үшін жұмылдырылуы мүмкін Делдалдық жөніндегі сарапшылардың кезекші тобы (Standby Team of Mediation Experts) жасақталды [12].

Сондай-ақ қазіргі кезеңде өңірлік халықаралық ұйымдарда делдалдық практикасына және оны реттеуге қызығушылықтың артқаны байқалады. Мысалы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ/СБСЕ) медиация мен диалог саласында елеулі тәжірибе жинақтады. ЕҚЫҰ-ның дауларды бейбіт реттеу тетіктері қатарында жәрдемдесу, делдалдық және татуластыру бойынша – Валлетта рәсімі және ЕҚЫҰ-ның татуластыру және директивалық татуластыру жөніндегі комиссиясы туралы ережелер бар. СБСЕ аясында 1992 жылғы 15 желтоқсанда Татуластыру және төрелік туралы конвенция қабылданып, оған сәйкес СБСЕ шеңберінде мемлекеттер арасында туындайтын дауларды реттеумен айналысатын Татуластыру комиссиясы мен Төрелік трибуналдан тұратын Татуластыру және төрелік соты құрылды [13].

ЕҚЫҰ шеңберінде делдалдық пен диалогты ілгерілету саласында қабылданған міндеттемелердің алты түрін бөліп көрсетуге болады және олардың әрқайсысы үшін өз дағдылары, үдерістері мен ресурстары қажет:

1. ЕҚЫҰ өңіріндегі «созылмалы қақтығыстарға» қатысты белгіленген форматтар шеңберінде ресми делдалдық қызметті жүзеге асыру. ЕҚЫҰ делдалдық күш-жігері келіссөздердің орныққан шеңберінде әртүрлі қақтығыстар бойынша жүргізілді: – Приднестровье бойынша бесжақты келіссөздер және (2005 жылдан) «5+2» форматы; – Грузин-осетин қақтығысын реттеу жөніндегі Бірлескен бақылау комиссиясы (2008 жылдан);

– Женева халықаралық пікірталастары;

– Таулы Қарабақ қақтығысы бойынша Минск тобы (1994–2025 жж.).

2. Саяси дағдарыс жағдайында диалогқа жәрдемдесу. Бұл түрі мемлекеттердегі әртүрлі дағдарыстық және қақтығыстық ахуалдардың алдын алуға, реттеуге және шешуге қатысты: сайлау алдындағы/кейінгі дағдарыстар, қоғамдық тәртіпсіздіктер, этникалық топтар мен қауымдастықтар арасындағы зорлық-зомбылық өршуі немесе құқық тәртібінің бұзылуы және т.б. Мысалдар: Албания (1997), бұрынғы Югославия Македония Республикасы (2001), Украина (2014), Қырғызстан (2005 және 2010).

3. Қатысушы мемлекеттер арасындағы диалогқа жәрдемдесу. Мысалы, 2009 жылы Ұлттық азшылықтар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссар (ҰАІЖК) Венгрия мен Словакияға Словакияның «Мемлекеттік тіл туралы» заңының өзгерістеріне қатысты диалогта көмектесті.

4. Ұлттық азшылықтардың мемлекеттік институттарға қатысуын кеңейту мәселелері бойынша диалогқа жәрдемдесу. ҰАІЖК және Парламенттік ассамблея азшылықтар проблемалары мен парламенттік диалогқа ықпал етті. ҰАІЖК мандатына сәйкес екі ерте ескерту жасалды: біреуі бұрынғы Югославия Македония Республикасында (1999), екіншісі Қырғызстанда (2010).

5. Жергілікті деңгейде қауымдастықтар арасындағы диалогқа жәрдемдесу және қақтығыстардың алдын алу мен делдалдық саласында жергілікті қатысушылардың әлеуетін нығайту. Бұл көбіне ЕҚЫҰ далалық операциялары арқылы іске асады (мысалы, Босния және Герцеговина, бұрынғы Югославия Македония Республикасы, Қырғызстан, Тәжікстан).

6. Сенімді нығайту және/немесе техникалық мәселелерді шешу арқылы жоғары деңгейдегі үдерістерге жәрдемдесу. Мысалы, ЕҚЫҰ-ның созылмалы қақтығыстардағы делдалдығы Молдова мен Грузия жағдайындағыдай сенімді нығайту шараларымен толықтырылды [12, 19–20-бб.].

Өңірлік өзге халықаралық ұйымдарда да делдалдық саласында қызмет жүзеге асырылып, делдалдықты реттеуге бағытталған халықаралық-құқықтық құжаттар қабылдануда. Мысалы, Еуропалық Одақта 2009 жылы ЕО-ның делдалдық және диалог саласындағы мүмкіндіктерін күшейту тұжырымдамасы әзірленіп, кейін қайта қаралып, 2020 жылғы желтоқсанда ЕО-ның бейбіт делдалдық жөніндегі жаңартылған тұжырымдамасы (бұдан әрі – ЕО 2020 тұжырымдамасы) қабылданды. ЕО 2020 тұжырымдамасында ЕО-ның делдалдық күш-жігерін бағыттауының негізгі тәсілдер мен қағидаттар баяндалған. Жаңа саясат ЕО-ның басқа халықаралық ұйымдар, өз мүше мемлекеттері және делдалдық ҰЕҰ сияқты жеке дипломатия субъектілері бар «тығыз» бейбіт делдалдық алаңындағы ерекше рөлін айқындайды. ЕО 2020 тұжырымдамасында делдалдық кең мағынада түсіндіріліп, көпжақты тәсіл арқылы іске асырылады: қақтығыс тараптарын «үстел басында» ресми делдалдықпен қосу; «үстел басындағы» қолдауды бейресми байланыс арналары, консультациялық форматтар, техникалық кеңестер және тараптармен екіжақты өзара іс-қимыл арқылы жүзеге асыру; сондай-ақ көбіне іске асырушы серіктестермен және жергілікті «ішкі делдалдармен» тандемде жүретін кеңірек «үстелден тыс» диалогқа қолдау көрсету рөлі. Жаңартылған ЕО 2020 тұжырымдамасында ЕО-ның делдалдығына қатысатын негізгі тұлғалар мен қатысушылар да сипатталады: ЕО құрылымдары деңгейінде – ЕО-ның арнайы елшілері, ЕО-ның арнайы өкілдері, ЕО елшілері, Еуропалық сыртқы іс-қимыл қызметінің Делдалдықты қолдау тобы (Mediation Support Team), Одақтың сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі Жоғарғы өкілі, Ортақ қауіпсіздік және қорғаныс саясаты (CSDP) аясындағы миссиялар; сондай-ақ ЕО мүше мемлекеттері [14].

Осыған ұқсас делдалдық қызмет Африка бірлігі ұйымында (АБҰ) да жүзеге асырылды: 1963 жылы құрылған ұйым аясында Татуластыру, делдалдық және төрелік комиссиясы құрылғанымен, ол іс жүзінде іске қосылмады. АБҰ 2003 жылы Африка одағына айналғаннан кейін, ұйым шеңберінде Бейбітшілік және қауіпсіздік кеңесі құрылды. Африка одағының бітімгершілік операцияларының табысты үлгілеріне Бурунди миссиясы (2003–2004), Судан миссиясы (2004–2007), Комор аралдарындағы сайлауды қолдау миссиясы (2006–2007), сондай-ақ 2025 жылы БҰҰ-ның Сомалидегі гибриді миссиясына айналған Сомали миссиясы және басқалары жатады [15].

Орталық Азия өңірінде де қақтығыс әлеуеті жоғары, саяси режимдердің әртүрлілігімен, этносаралық және трансшекаралық проблемалармен байланысты сын-қатерлер бар. Дегенмен, Қазақстан ішкі саяси тұрақтылыққа, белсенді дипломатияға және халықаралық аренадағы беделге ие бола отырып, бейбіт үдерістердің бастамашысы ретінде өзін көрсетті (Астана сириялық үдерісі немесе БҰҰ миссияларына қатысу және т.б.). Осыған байланысты Қазақстан өңір мемлекеттерін, халықаралық және мемлекеттік емес ұйымдарды тарта отырып, Орталық Азияда Өңірлік медиациялық хаб құру бастамасын көтере алады. Мұндай бастама Орталық Азияның ерекшелігін ескеретін медиацияның өңірлік халықаралық нормативтік-құқықтық негізін қалыптастыруға, дауларды медиация арқылы реттеуге, сондай-ақ ядролық қарусыздану шараларына жәрдемдесуге мүмкіндік берер еді. Бұдан бөлек, мұндай орталық үйлестіру, оқыту, делдалдарды сертификаттау, сондай-ақ өңірдегі қақтығыстық жағдайларды мониторингтеу функцияларын атқара алады.

Бұл мысалдар делдалдыққа қызығушылықтың артуын ғана емес, өңірлік халықаралық ұйымдардың осы қызметке тұрақты әрі жүйелі сипат беруге ұмтылысын да көрсетеді: тұрақты құрылымдар құру, рәсімдерді бекіту, әдістемелік стандарттар әзірлеу және т.б. Мұндай институционалдандыру тәжірибе жинақтауға, кәсіби кадрлар қалыптастыруға, сабақтастық пен делдалдық үдерістерін жүргізудің бірыңғай тәсілдерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, өңірлік бастамалар көбіне өз юрисдикциясы мен саяси контексті шеңберінде әрекет ететіндіктен, олардың өзара ықпалдастығы қиын. Нәтижесінде келісілген халықаралық делдалдық жүйесін құру мүмкіндігі әлі де шектеулі болып отыр.

Осыны ескере отырып, БҰҰ жанынан мынадай бағыттарды іске асыруға болатын жеке тұрақты құрылым құруды қарастыруға болады:

- халықаралық делдалдар тізілімін (реестрін) жүргізу;
- құқықтық, әдістемелік және этикалық стандарттарды әзірлеу;
- делдалдықты жүзеге асыру алгоритмдерін әзірлеу;
- делдалдық бойынша бірыңғай цифрлық платформаны құру;
- делдалдық рәсімдері бойынша консультациялар беру;
- делдалдық күш-жігерін үйлестіру және т.б.

Назар аударуды қажет ететін тағы бір негізгі қыр – делдалдардың мәртебесін, олардың жағдайын, қызмет қағидаттарын, сондай-ақ делдалдық барысында қол жеткізілген келісімдерді тану және орындау рәсімдерін және делдалдықтың өзге де аспектілерін реттейтін заманауи әмбебап халықаралық шарттың жоқтығы. Бұл тұрғыда халықаралық коммерциялық құқықтағы тәжірибе көрсеткіш: онда трансшекаралық коммерциялық дауларға қолданылатын 2019 жылғы 7 тамыздағы «Медиация нәтижесінде қол жеткізілген халықаралық келісімдер туралы» БҰҰ Конвенциясы әзірленіп, қабылданды [16].

Осыған байланысты халықаралық делдалдық туралы әзірленетін әмбебап халықаралық шарт мынадай бөлімдерді қамтуы мүмкін:

- делдалдықтың мақсаттары мен миссиясы;
- ұғымдарды айқындау және делдалдық қағидаттары;
- делдалдың құқықтық мәртебесі, құқықтары, міндеттері және кепілдіктері;
- делдалдықты қабылдайтын тараптардың құқықтары мен міндеттері;
- делдалдық форматтары, оның ішінде өзге шаралармен аралас (гибриді) форматтар;
- делдалдық рәсімінің стандарттары мен жалпы тәртібі;
- делдалдық нәтижесінде қол жеткізілген келісімдердің заңдық күші туралы ереже;

- бақылау, мониторинг және есептілік тетіктері және т.б.

Халықаралық делдалдарды оқыту және даярлау бағдарламаларын дамыту да кем емес маңызды аспект болып табылады. Бүгінгі таңда мемлекетаралық делдалдық саласында кадр даярлаудың бірыңғай жүйесі жоқ. Ал арнайы оқу курстарының, тағылымдама бағдарламаларының және тәжірибе алмасудың болуы делдалдық практиканың сапасын едәуір арттыра алар еді. Халықаралық және ұлттық университеттер, зерттеу орталықтары, дипломатия академиялары кадр даярлау алаңына, сондай-ақ осы салада ғылыми зерттеулер жүргізу орталығына айнала алады. Бұл халықаралық құқықтағы делдалдық доктринасын дамытуға да ықпал етеді.

Осыған байланысты делдалдарды сертификаттаудың халықаралық тетігін қалыптастыру бастамасы өзекті көрінеді. Сертификаттау халықаралық құқыққа, салыстырмалы құқықтануға, келіссөз жүргізу дағдыларына, мәдени сезімталдыққа, әртүрлі өңірлердің ерекшелігін білуге және т.б. басымдық беретін кешенді дайындықты қамтуы мүмкін. Мұндай тетік БҰҰ, ЕҚЫҰ, Халықаралық сот немесе өзге де беделді халықаралық ұйымның қамқорлығымен іске асырылып, сертификатталған делдалдар реестрін, оларды іріктеу өлшемшарттарын және кәсіби даярлау стандарттарын қалыптастыруды көздей алады.

Қорытынды

Осылайша, делдалдық дауларды бейбіт жолмен реттеудің құралы ретінде жүйелі, құқықтық және институционалдық дамуды талап етеді. Делдалдықты құқықтық реттеуді одан әрі дамыту мен жетілдіру халықаралық-құқықтық, институционалдық, этикалық, білім беру және өзге де аспектілерді ұштастыратын кешенді, көпдеңгейлі тәсілді қолдану арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өз кезегінде делдалдықты дауларды бейбіт жолмен реттеудің тиімді әрі нәтижелі құралдарының біріне айналдыруға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, халықаралық делдалдықты құқықтық реттеуді дамыту және жетілдіру үдерісінде Қазақстан өзінің бейбіт бастамаларын ілгерілетіп отырып, бейбітшілікті және халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға үлес қосатын белсенді рөл атқара алады.

Осыны ескере отырып, мынадай ұсынымдар ұсынуға болады:

- БҰҰ жанынан жеке құрылым құру арқылы делдалдар қызметін институционалдандыру және өңірлік деңгейде өңірлік медиациялық хабтар қалыптастыру;
- Гаага конвенциясының орнына халықаралық делдалдық туралы әмбебап мемлекетаралық шартты әзірлеу және қабылдау;
- халықаралық делдалдардың бірыңғай тізілімін (реестрін) әзірлеу және жүргізу;
- халықаралық делдалдықтың бірыңғай цифрлық медиациялық платформасын құру;
- халықаралық делдалдарды бірыңғай сертификаттау жүйесін әзірлеу және енгізу және т.б.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Мақала «AP26100031 Қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу мен ядролық қарусызданудың құралы ретіндегі халықаралық медиациялық хаб: Қазақстан мен шетел мемлекеттерінің тәжірибесі» жобасын қаржыландыру аясында дайындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Лебедева М.М., Морозов В.М., Райнхардт Р.О., Шебалина Е.О. Технологии международного посредничества: аналитический доклад. — М.: МГИМО-Университет, 2024. — 27 с.
- 2 ICSID публикует статистику по количеству дел за 2025 год: пресс-релиз от 17 февраля 2026 г. [Электронный ресурс]. — Available at: URL: <https://icsid.worldbank.org/news> (дата обращения: 12.03.2026).
- 3 United Nations Mediation Support Unit Factsheet 2025 [Электрондық ресурс]. — New York: United Nations, 2025. — Қолжетімді: Available at: <https://peacemaker.un.org/en/mediation-support-unit/mediation-support-unit> (қаралған күні: 12.03.2026).
- 4 United Nations. Guidance for Effective Mediation. — New York : United Nations, 2012. — 25 p. [Электронный ресурс].— Available at: URL: <https://digitallibrary.un.org/record/4026222/files/1387704EN.pdf> (дата обращения: 08.08.2025).
- 5 Конвенция о мирном решении международных столкновений (Гаага, 5 (18) октября 1907 г.). [Электронный ресурс]. — Available at: URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1010689 (дата обращения: 01.08.2025).

- 6 Квернадзе Н. Б. Тайный канал палестино-израильских переговоров в Норвегии в исследованиях Хильде Вааге [Электронный ресурс]. — Available at: URL: <https://elib.bsu.by/bitstream> (дата обращения: 03.08.2025).
- 7 Лунёв С. И. Советско-индийские отношения (1955–1971 гг.): рождение дружбы // Вестник МГИМО-Университета. — 2017. — № 2(53). — С. 24–51. — DOI: 10.24833/2071-8160-2017-2-53-24-51. — Available at: URL: https://www.vestnik.mgimo.ru/jour/article/view/684/668?locale=ru_RU (дата обращения: 03.08.2025).
- 8 Segura R., Mechoulan D. Made in Havana: How Colombia and the FARC Decided to End the War. — New York : International Peace Institute, 2017. — 39 p. — Available at: URL: <https://www.ipinst.org/wp-content/uploads/2017/02/IPI-Rpt-Made-in-Havana.pdf> (дата обращения: 06.08.2025).
- 9 Сарсембаев М. А. Международное право. Особенная часть. — Алматы, 1999. — 284 с.
- 10 Устав Организации Объединённых Наций (26 июня 1945 г.) [Электронный ресурс]. — Available at: URL: <https://www.un.org/ru/about-us/un-charter/full-text> (дата обращения: 11.08.2025).
- 11 Резолюция Генеральной Ассамблеи ООН № 65/283 от 22 июня 2011 г. «Укрепление роли посредничества в мирном урегулировании споров, предотвращении и разрешении конфликтов» [Электронный ресурс]. — Available at: URL: <https://docs.un.org/ru/> (дата обращения: 10.08.2025).
- 12 ОБСЕ. Посредничество и содействие диалогу в контексте ОБСЕ : справочное руководство. — 2014. — Available at: URL: <https://www.osce.org/ru/secretariat/155196> (дата обращения: 10.08.2025).
- 13 Конвенция по примирению и арбитражу в рамках СБСЕ (15 декабря 1992 г.) [Электронный ресурс]. — Available at: URL: <https://www.osce.org/ru/court-of-conciliation-and-arbitration/446131> (дата обращения: 09.08.2025).
- 14 Шевчук Н.В., Сачик А.А. Посредничество ЕС: эволюция подходов в контексте урегулирования современных конфликтов // Постсоветские исследования. — 2021. — № 4(6). — С. 479–487. [Электронный ресурс]. — Available at: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/posrednichestvo-es-evolyutsiya-podhodov-> (дата обращения: 10.08.2025).
- 15 Готшалк К. Шесть десятилетий африканской интеграции: достижения и неудачи // Ученые записки Института Африки РАН. — 2024. — № 2. — С. 24–39. [Электронный ресурс]. — Available at: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/shest-desyatiletij-afrikanskoj-integratsii-dostizheniya-i-neudachi> (дата обращения: 07.08.2025).
- 16 Қазақстан Республикасының «Медиация нәтижесінде қол жеткізілген халықаралық бітімгершілік келісімдер туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясын ратификациялау туралы» Заңы, 2022 жылғы 25 сәуірдегі № 116-VII/ [Электрондық ресурс]. Available at: URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2200000116> (колданылған күні: 12.08.2025).

О НЕКОТОРЫХ АСПЕКТАХ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ПОСРЕДНИЧЕСТВА В МЕЖДУНАРОДНОМ ПРАВЕ

Аннотация

Статья посвящена анализу проблем и направлений совершенствования правового регулирования института посредничества в международном праве. Авторы, анализируя действующие международно-правовые нормы, регулирующие посредническую деятельность, выявляют актуальные проблемы правового регулирования, препятствующие эффективному использованию института посредничества. Цель статьи — проведение комплексного анализа современного состояния правового регулирования института посредничества в международном праве, выявление ключевых проблем его нормативного закрепления и практического применения, а также обоснование необходимости совершенствования международно-правовых механизмов посредничества с учетом современных вызовов международной безопасности и тенденций развития международных отношений.

В статье уделяется особое внимание современным тенденциям развития посредничества в международных отношениях и практике международных организаций. На основе проведенного анализа предлагаются направления совершенствования правового регулирования, в том числе в части необходимости разработки нового универсального международного договора о посредничестве. В качестве ожидаемых результатов обозначаются выявление пробелов и противоречий в действующих международно-правовых нормах, регулирующих посредничество; систематизация тенденций развития института посредничества и медиации в международной практике; обоснование целесообразности разработки универсального международного договора о посредничестве; формирование предложений по институционализации медиации в рамках международных организаций, включая создание специализированных международных медиационных платформ (медиационных хабов), направленных на повышение эффективности комплексного мирного разрешения международных конфликтов и снижение глобальных рисков, в том числе ядерных угроз. Кроме того, в статье анализируется развитие тенденции институционализации медиации в рамках международных организаций и обосновывается необходимость создания специализированных международных платформ для комплексного урегулирования международных конфликтов, в том числе направленных на снижение ядерных рисков.

Ключевые слова: международное право, посредничество, медиация, спор, конфликт, мирные средства разрешения международных споров

ABOUT SOME ASPECTS OF IMPROVING THE LEGAL REGULATION OF MEDIATION IN INTERNATIONAL LAW

Abstract

The article analyzes problems and directions for improving the legal regulation of the institution of mediation in international law. The authors examine existing international legal norms governing mediation activities and identify current regulatory shortcomings that hinder the effective application of mediation mechanisms. The purpose of the article is to conduct a comprehensive analysis of the current state of legal regulation of mediation in international law, to identify key problems of its normative framework and practical implementation, and to substantiate the need for improving international legal mechanisms of mediation in light of contemporary challenges to international security and the development of international relations.

Special attention is paid to modern trends in the development of mediation in international relations and the practice of international organizations. Based on the analysis, the article proposes directions for improving legal regulation, including the development of a new universal international treaty on mediation. The expected results include identifying gaps and contradictions in existing international legal norms regulating mediation; systematizing contemporary trends in the development of mediation and conciliation in international practice; substantiating the feasibility of adopting a universal international mediation treaty; and formulating proposals for the institutionalization of mediation within international organizations. This includes establishing specialized international mediation platforms (mediation hubs) to enhance the effectiveness of the peaceful settlement of international conflicts and reduce global risks, including nuclear threats. The article also analyzes the growing trend toward the institutionalization of mediation within international organizations. It substantiates the creation of specialized international platforms for the comprehensive resolution of international conflicts, including the mitigation of nuclear risks.

Keywords: international law, mediation, dispute resolution, dispute, conflict, peaceful means of resolving

REFERENCES

- 1 Lebedeva M.M., Morozov V.M., Rajnhardt R.O., Shebalina E.O. Tehnologii mejdunarodnogo posrednichestva: analiticheski doklad [*International Mediation Technologies: An Analytical Report*]. - Moskva: MGIMO-Universitet, 2024 - 27 p. [in Russian]
- 2 ICSID publikuet statistiku po kolichestvu del za 2025 god: pres-reliz ot [*ICSID Publishes Caseload Statistics for 2025*] February 17, 2026/ Available at: URL: <https://digitallibrary.un.org/record/4026222/files/1387704EN.pdf>. [in Russian] (accessed: 08.08.2025)
- 3 **United Nations Mediation Support Unit Factsheet 2025.** – New York: United Nations, 2025. – Available at: URL: <https://peacemaker.un.org/en/mediation-support-unit/mediation-support-unit>. [in English] (accessed: 12.03.2026)
- 4 Press-relizy. 17 fevralya 2026 g. ICSID publikuet statistiku po kolichestvu del za 2025 god [Elektronnyy resurs]. – Available at: URL: <https://icsid.worldbank.org/news-and-events/news>. [in English] (Accessed: 12.03.2025)
- 5 Konvenciya o mirnom reshenii mezhdunarodnyh stolknovenij [*Convention for the Pacific Settlement of International Disputes*], ot 5 (18) oktjabrja 1907 g. / Available at: URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1010689 [in Russian] (accessed: 01.08.2025)
- 6 Kvernadze N. Tajnyj kanal palestino-izrail'skih peregovorov v Norvegii v issledovaniyah Hil'de Vaage [*The secret channel of Palestinian-Israeli negotiations in Norway, as explored by Hilde Waage*] / Available at: URL: https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/322258/1/kvernadze_%20MejdProc-2023.pdf [in Russian] (accessed: 03.08.2025)
- 7 Lunjov S.I. Sovetsko-indijskie otnosheniya (1955 - 1971 gg.): rozhdenie druzhby [*Soviet-Indian Relations (1955–1971): The Birth of Friendship*] // Vestnik MGIMO-Universiteta. 2017. 2(53). S.24-51. / DOI 10.24833/2071-8160-2017-2-53-24-51 / Available at: URL: https://www.vestnik.mgimo.ru/jour/article/view/684/668?locale=ru_RU [in Russian]. (accessed: 03.08.2025)
- 8 Segura R., Mechoulan D. Made in Havana: How Colombia and the FARC Decided to End the War. New York: International Peace Institute, 2017. - 39 r. / Available at: URL: https://www.ipinst.org/wp-content/uploads/2017/02/IPI-Rpt-Made-in-Havana.pdf?utm_source. [in English]. (accessed: 06.08.2025)
- 9 Sarsembaev M. A. Mezhdunarodnoe pravo. Osobennaja chast'. [*International Law. Special Part*] - Almaty, 1999. - 284 p. [in Russian]
- 10 Ustav OON ot 1945 / Available at: URL: <https://www.un.org/ru/about-us/un-charter/full-text> [in Russian]. (Accessed: 11.08.2025)
- 11 Rezoljucija General'noj Assambleej OON «Ukreplenie roli posrednichestva v mirnom uregulirovanii sporov, predotvrashchenii i razreshenii konfliktov» [*Strengthening the Role of Mediation in the Peaceful*

Settlement of Disputes, Conflict Prevention and Resolution] № 65/283 от 22 июня 2011 года / Available at: URL: <https://docs.un.org/ru/A/RES/65/283> [in Russian]. (accessed:10.08.2025)

12 OBSE. Posrednichestvo i sodejstvie dialogu v kontekste OBSE: spravocnoe rukovodstvo. [*OSCE. Mediation and Dialogue Facilitation in the OSCE Context: A Reference Guide. 2014*] / Available at: URL: <https://www.osce.org/ru/secretariat/155196> [in Russian]. (accessed:10.08.2025)

13 Konvenciya po primireniyu i arbitrazhu v ramkah SBSE (15 dekabrya 1992 g.) [*Convention on Conciliation and Arbitration within the CSCE*], 15 dekabrya 1992 goda / Available at: URL: <https://www.osce.org/ru/court-of-conciliation-and-arbitration/446131> [in Russian]. (09.08.2025)

14 Shevchuk N.V., Sachik A.A. Posrednichestvo ES: evolyuciya podhodov v kontekste uregulirovaniya sovremennyh konfliktov // Postsovetskie issledovaniya. [*EU Mediation: Evolving Approaches in the Context of Contemporary Conflict Resolution*] 2021; № 4(6) – S. 479-487. / Available at: URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/posrednichestvo-es-evolyutsiya-podhodov-v-kontekste-uregulirovaniya-sovremennyh-konfliktov> [in Russian]. (accessed: 10.08.2025)

15 Gottshalk K. Shest' desyatiletij afrikanskoj integracii: dostizheniya i neudachi // Uchenye zapiski Instituta Afriki RAN. [*Six Decades of African Integration: Achievements and Failures // Scientific Notes of the Institute of African Studies of the Russian Academy of Sciences*]. - 2024. - № 2. - S. 24-39. / Available at: URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/shest-desyatiletij-afrikanskoj-integratsii-dostizheniya-i-neudachi> [in Russian]. (accessed: 07.08.2025)

16 Qazaqstan Respublikasynyñ «Mediasia nätiyesinde qol jetkizilgen halyqaralyq bitimgerşilik kelisimder turaly Birikken Ültar Üiymynyñ Konvensiasyn ratifikasialau turaly» Zañy, [*Law of the Republic of Kazakhstan “On Ratification of the United Nations Convention on International Settlements Resulting from Mediation”*] ot 25 aprelja 2022 goda № 116-VII / Available at:URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2200000116> [in Russian]. (accessed: 12.08.2025)

Information about authors:

Sholpan Saimova – PhD, Head of the Center for Public Legislation and Public Administration, RSE on REM “Institute of Parliamentarism” of the Department of Material and Technical Support, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: saimova85@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9000-6136>

Yerkebulan Moldabekov- **corresponding author**, PhD, Senior Lecturer at the Higher School of Law, Astana International School, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: saimova85@gmail.com

Orcid: <https://orcid.org/0000-0001-8515-2326>

Информация об авторах:

Шолпан Саймова – PhD, начальник Центра публичного законодательства и государственного управления, РГП на ПХВ «Институт парламентаризма» УМТО, г.Астана, Республика Казахстан,

E-mail: saimova85@gmail.com,

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9000-6136>

Еркебулан Молдабеков – **основной автор**, PhD, старший преподаватель высшей школы права Международного университета Астана, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: erkebulanastana73@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8515-2326>

Авторлар туралы ақпарат:

Шолпан Саймова – PhD, Жария заңнама және мемлекеттік басқару орталығының басшысы, МТҚБ «Парламентаризм институты» ШЖҚ РМК, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: saimova85@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9000-6136>

Еркебулан Молдабеков – **негізгі автор**, PhD, құқық жоғарғы мектебінің аға оқытушысы, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: erkebulanastana73@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8515-2326>